

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдері мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысы

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 17 наурыздағы

N 258 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Темір жол көлігінде жолаушыларды, жүктерді және ауыр жүктерді тасымалдау тарифі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 ақпандағы N 203 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 7, 80-құжат) :

мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті", "мемлекетаралық қатынаста", "республика ішінен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі", "халықаралық қатынаста", "республикалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - тармақта :

"Мемлекетаралық" деген сөздің алдынан "Жолаушыларды, жүктерді және ауыр жүктерді республикалық қатынаста Қазақстан Республикасы темір жол поездары мен вагондарында тасымалдауды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жолаушыларды, жүктерді және ауыр жүктерді республикалық қатынаста Қазақстан Республикасының темір жол поездары мен вагондарында тасымалдау кезінде мемлекетаралық жолаушылар тарифі валютасын (швейцар франкін) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2002 жылғы 1 қазандағы ресми бағамы бойынша теңгемен қайта есептеу жүргізіледі."

2. "Байланыс қызметінің тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 мамырдағы N 732 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 18, 208-құжат):

мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің", "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің", "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. *(күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.27. N 586 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 - т. қараңыз) Қаулысымен).*

4. *(күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.27. N 586 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 - т. қараңыз) Қаулысымен).*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 7 н а у р ы з д а ғ ы
N 2 5 8 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Қазақ ССР Министрлер Кабинеті Премьер-Министрінің 1991 жылғы 20 мамырдағы N 74 өкімі.

2. "Қазақ ССР Президентінің "Жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын одан әрі дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1991 жылғы 19 наурыздағы Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 30 мамырдағы N 345 қаулысы (ҚазССР ҚЖ, 1991 ж., N 13, 86-құжат).

3. "Шетел валютасында баға белгілеу тәртібі туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 9 қыркүйектегі N 512 қаулысы (ҚазССР ҚЖ, 1991 ж., N 21, 149 - құжат) .

4. "Мемлекеттік басқару органдарының Қазақ ССР Президентінің "Жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын одан әрі дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1991 жылғы 19 наурыздағы Жарлығын және Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 30 мамырдағы N 345 қаулысын нақты жүзеге асыру жөніндегі міндеттері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3

ақпандағы N 89 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 5, 83-қ ұ ж а т) .

5. "1992 жылға электр және энергиясының тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 18 ақпандағы N 120 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 6, 98-құжат).

6. "Тұрғын үйді жекешелендіруге байланысты азаматтардың жекелеген санаттары үшін қосымша жеңілдіктер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 сәуірдегі N 374 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 17, 264-құжат).

7. "Мұнай және мұнай өнімдерінің бағасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 25 мамырдағы N 460 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 20, 460-құжат).

8. "Екібастұзкөмір" өндірістік бірлестігі көмір өнімдерінің бағасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 1 маусымдағы N 483 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 21, 346-құжат).

9. "Энергия ресурстарының және өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерінің бағасын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 1 маусымдағы N 484 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 22, 349-құжат).

10. "Энергия ресурстарының және өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерінің бағасын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 1 маусымдағы N 44 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 28 тамыздағы N 713 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 34, 518-құжат).

11. "Байланыстың зейнетақы мен жәрдемді төлеу жөнінде көрсететін қызметінің реттелетін тарифін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 28 тамыздағы N 715 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 34, 520-құжат).

12. "Сауда және жабдықтау-өткізу ұйымдары бойынша сауда үстемелерінің мөлшерлері мен рентабельділіктің шекті деңгейлері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 қыркүйектегі N 735 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 35, 530-құжат).

13. "Теміржол көлігінде жүк тиеу-түсіру жұмыстарының тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қыркүйектегі N 768 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 35, 544-құжат).

14. "Энергия көздерінің және өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерінің бағасын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қазандағы N 905 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 41, 613-құжат).

15. "Зейнеткерлерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 7 желтоқсандағы N 1027 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 47, 705-құжат).

16. "Республикааралық қатынаста темір жол көлігімен жүк тасымалдау тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 қаңтардағы N 23 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 1, 18-құжат).

17. "Энергия көздерінің бағасын мемлекеттік реттеу және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтердің қымбаттауына байланысты халықты әлеуметтік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 28 қаңтардағы N 68 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 2, 29-құжат).

18. "Темір жолда жолаушыларды, багаж бен жүк багажын тасымалдау тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 наурыздағы N 162 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 6, 79-құжат).

19. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қазандағы N 905 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 наурыздағы N 191 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 8, 93-құжат).

20. "Темір жол көлігімен жүк тасымалдаудың тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 29 наурыздағы N 238 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 9, 113-құжат).

21. "Темір жолда жолаушыларды, жүктер мен қол жүгін тасымалдау тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 261 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 11, 132-құжат).

22. "Темір жол көлігімен жүк тасымалдау тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 сәуірдегі N 294 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 12, 151-құжат).

23. "Темір жол көлігімен жүк тасымалдағаны және басқа да қызмет көрсеткені үшін уақтылы ақы төлемеген жағдайда кәсіпорындар мен ұйымдардың жауапкершілігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 306 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 13, 158-құжат).

24. "Темір жол көлігімен жүк тасымалдау тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 6 мамырдағы N 365 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 16, 189-құжат).

25. "Мұнайдың ренталық төлемдерінің ставкаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 379 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 18, 197-құжат).

26. "Пәтерге (тұрғын үйге) жеке меншік құқығы куәлік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 456 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 21, 263-құжат).

27. "Тұрғын үй кооперативінің үйінен тұрғын үй-жай алуға арналған ордер нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 457 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 21, 264 - қ ұ ж а т) .

28. "Тұрғын үй-жайларды пайдалану, тұрғын үйді және үй іргесіндегі аумақты ұстау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 459 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 21 , 266 - қ ұ ж а т) .

29. "Энергия көздерінің мемлекеттік реттелетін бағасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 тамыздағы N 678 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 32, 368-құжат).

30. "Нанның, нан-тоқаш өнімдерінің, тарының, ұнтақ, жарманың және халыққа пісірілген нан орнына сатылатын ұнның бағасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 тамыздағы N 745 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 34, 390-құжат).

31. "Теміржол көлігімен жүк және жолаушы тасымалдауға арналған тарифтер туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 қыркүйектегі N 861 қаулысы (Қазақстан Республикасы ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 37, 430-қ ұ ж а т) .

32. "Темір жолмен жүк тасымалдау тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 қазандағы N 1059 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 42, 506-құжат).

33. "Теміржол тарифтерін ұлттық валютамен қайта есептеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 23 қарашадағы N 1173 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 45, 544-құжат).

34. "Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетіне қосымша қызметкерлер санын бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 қарашадағы N 1191 қаулысы .

35. "Жүктерді, жолаушыларды, багажды және жүк-багажды теміржол көлігімен тасымалдауға арналған тарифтер туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 23 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 1, 10-құжат).

36. "Теміржол тарифтерін ұлттық валютаға қайта есептеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 24 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 1, 11-құжат).

37. "Мемлекетаралық қатынаста теміржол көлігімен жүк тасымалына арналған тарифтер туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 наурыздағы N 287 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 15, 144-қ ұ ж а т) .

38. "Энергия ресурстарына бағаны ырықтандыру және кейбір қызмет түрлерінің тарифтерін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 наурыздағы N 288 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 15, 145 - құжат).

39. "Көмір өнеркәсібі кәсіпорындарының жұмысын тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 мамырдағы N 482 қаулысы.

40. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетудің тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 10 мамырдағы N 489 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 21, 217-құжат).

41. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1994 жылғы 10 қазандағы N 412 өкімі.

42. "Нанның, нан-тоқаш тағамдарының, тарының, ұнтақ жарманың, пісірілген нан орнына сатылатын ұнның және құрама жемнің бағасын ырықтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қазандағы N 1163 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 44, 472-құжат).

43. "Шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың өнімдеріне бағаны реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1171 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 44, 474 - құжат).

44. "Мұнай өнімдеріне бағаны босату туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қарашадағы N 1224 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 45, 486-құжат).

45. "Мұнай бағасын ырықтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 желтоқсандағы N 1416 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 48, 530-құжат).

46. "Нанға, нан-тоқаш тағамдарына, тарыға, ұнтақ жармаға, пісірілген нан орнына сатылатын ұнға және құрама жемге сауда үстемесін ырықтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 сәуірдегі N 437 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 12, 144-құжат).

47. "Байланыс қызметінің тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 мамырдағы N 732 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 18, 208 - құжат).

48. "Байланыс қызметінің тарифтері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 мамырдағы N 732 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 тамыздағы N 1201 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 29, 357-құжат).

49. "Республиканың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту жөніндегі

шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 қазандағы N 1299 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 32, 400-қ ұ ж а т) .

50. "Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуды ынталандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6 қазандағы N 1311 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 32, 405-қ ұ ж а т),
7 - т а р м а ғ ы н қ о с п а ғ а н д а .

51. "Тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін қолма-қол ақшамен есеп айырысуды ұйымдастыруды жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 1342 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 33, 416-қ ұ ж а т) .

52. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 15 желтоқсандағы N 513 ө к і м і .

53. "Электр энергиясына арналған тарифтер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 102 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ - ы , 1996 ж . , N 6 , 33 - қ ұ ж а т) .

54. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылдың 19 қазандағы N 1171 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 301 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 12 , 89 - қ ұ ж а т) .

55. "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің жұмысындағы кемшіліктер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 426 қаулысы .

56. "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын монополиясыздандыру және тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулері үшін есеп айырысуды тәртіпке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 587 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 20, 177-құжат).

57. "Баға түзудегі бағаның өсуі мен мониторинг белгілеудің негізділігіне бақылау жасауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 17 шілдедегі N 910 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 31 , 286 - қ ұ ж а т) .

58. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 587 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 шілдедегі N 922 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 32, 292-қ ұ ж а т) .

59. "Электр энергиясындағы мемлекеттік реттеуші комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 шілдедегі N 929 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 32, 295-құжат).

60. "Темір жол қызметіне арналған тарифтер туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы 26 тамыздағы N 1054 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., 35, 334-құжат).

61. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1171 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 811 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 78, 169-құжат).

62. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1171 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 13 мамырдағы N 828 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 19, 175-құжат).

63. "Жылуды, ыстық және суық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 23, 204-құжат).

64. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 155 өкімі.

65. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 159 өкімі.

66. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 шілдедегі N 929 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 маусымдағы N 981 қаулысы.

67. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 1 шілдедегі N 204 өкімі.

68. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 шілдедегі N 1091 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 31, 284-құжат).

69. "Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1238 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 36, 342-құжат).

70. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 тамыздағы N 1243 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 36, 345-құжат).

71. "Қолданып жүрген заңдарға сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру кезінде отын босату нормалары, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін және байланыс қызметтерін тұтыну туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 тамыздағы N 1266 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 38, 362-құжат).

72. "Тұрғын үй қорының сақталуын қамтамасыз ету және ұсынылатын тұрғын

үй-коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 қыркүйектегі N 1348 қаулысы .

73. "Коммуналдық қызмет көрсетулер үшін төлем ақы белгілеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 1377 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 44, 404-құжат).

74. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 шілдедегі N 929 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 15 сәуірдегі N 338 қаулысы .

75. "Табиғи монополияшы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 15 сәуірдегі N 339 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 11, 89-құжат) .

76. "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің орталық аппараты штатының саны туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 30 шілдедегі N 724 қаулысы .

77. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 280 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 3, 4-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 11, 80-құжат).